


Ф-ӘД-001/026

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Философия кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
 М.Исаев
« 16 » 06 2024ж

«Философия» кафедрасының
2024-2025 оқу жылында атқарылған
Тәрбие жұмыстарының жылдық ЕСЕБІ

1.Тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы

2024-2025 оқу жылына «Философия» кафедрасының тәрбие жөніндегі жұмыс жоспары мен тәрбие сағаттарының тақырыптары алдын-ала сарапқа салынып, талқыланып қарастырылды.

Топ эдвайзерлері 2024-2025 оқу жылында жоспарланған тәрбие жұмыстары бойынша өз тобымен тәрбие сағаттар, тәрбиелік іс-шаралар, сұхбаттар мен кездесулер өткізіп, олардың хаттамаларын жасап отырды. Топ студенттерінің тәрбиесі мен тәртібін көтеру т.б. сол сияқты қазіргі таңдағы өзекті болған мәселелер бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Топ тәлімгерлерінің тәрбие жұмыстары тәрбие жоспарына сай, деканат келісімімен бекітілді.

Топ тәлемгерлері өткізген тәрбие сағаттарында студенттерді жалпы университет ережелерімен – университет регламентімен, кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерімен, GPA-балл және де рейтингтік бағалау жүйесінің ерекшеліктерімен – таныстыру, топтың ішкі ұйымдастыру мәселелері, тәрбие жоспары, философия мамандығы және басқа да пәндермен таныстыру тақырыптары қамтылды.

2. Тәрбие сағаттары

- 04.09.2024ж. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, «Философия» кафедрасының топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., өз тобындағы студенттеріне биылғы 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жоспарымен таныстырып өтті. Сондай-ақ, топ тәлімгерлері сұхбат барысында топ студенттерін 2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмыс жоспарын құру және оны бекіту, университет тәртібі, кітапхана мүмкіндіктері, кредиттік жүйе, тест, емтихан ережелерімен таныстырды. Сондай-ақ философия мамандығының маңыздылығы, қоғамға қажеттілігі, осы семестрде өткізілетін сабақтар, сабақ өткізу тәртібі, кредиттік технологиямен сабақ өту әдістері т.б мәселелер атап өтілді. Студенттерге университетіміздегі мүмкіндіктерімен таныстыра келе, студенттік шақты тиімді пайдалану керектігі айтылды. Жалпылама осы күзгі семестрде атқарылатын іс-шараларға шолу жасалды.

-10.09.2024ж. «Республикалық референдум туралы не білеміз?» тақырыбы бойынша іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында топ тәлімгерлері студенттердің 06 қазан күні өтілетін референдум жайында пікірлерін сұрады. Студенттер арасында АЭС жайлы кімдер қандай мәлімет біледі сол жайлы қысқаша тоқталып өтті. Іс-шара барысында студенттер белсенділік танынып, тақырыпқа қатысты өз пікірлерін ашық ортаға салды.

-30.09.2024ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., өз тобындағы жатаханада жататын студенттердің жағдайымен танысып қайтты. Топ тәлемгері олармен ашық сөйлесіп, қандайда бір жағдай болғанда немесе көмек қажет кезде әрқашан көмекке әзір екендігін жеткізді. Сондай-ақ студенттерге жатақхана ішіндегі тазалық, тәрбие және тәртіп мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларға жатақхана ережелерін қатаң түрде сақтау керектігін ескертті.

-03.10.2024ж. Топ тәлімгерлері студенттермен бірге оқу процесі және студенттердің сабақ үлгеріміне байланысты мәселелерді талқылады. Тәлімгерлер әр студентпен жеке-жеке сөйлесіп, сабақтан себепсіз қалмау және әр сабаққа белсенділік таныту керектігі жайында қатаң ескертулер жасады. Сонымен қатар тәлімгерлері топ студенттерінен 1-блокқа дайындығын сұрап, блок ережелерімен таныстырып өтті.

- 04.11.2024 ж. Топ тәлімгерлері Досалиев Т. ТФД-411 топ студенттерімен «Философия мен діннің арақатынасы» тақырыбы бойынша сұхбат өткізілді. Философия мен діннің арақатынасын түсіну студенттердің дүниетанымын кеңейту үшін маңызды болды. Бұл шара студенттерге философия мен діннің өзара байланысы, олардың қоғам мен адамның өміріндегі орны жайлы түсінік берді. Сұхбат барысында философия мен діннің

ұқсастықтары мен айырмашылықтары, олардың адамзаттың рухани дамуына әсері талқыланды.

-16.10.2024ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., топ студенттерімен кездесіп, күн тәртібі бойынша олардың сабақ үлгерімі және І-Аралық бақылауға дайындықтары турасында сөйлесті. Алған апталық бағаларының І-Аралық бақылауға қалай әсер ететіндігі жайында ескертулер айтылды. Одан әрі жоспар бойынша студенттердің студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу мәселесі талқыланды. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, ТФД-311 топ студенттерінің ішінде Чакбакбай Шапағат (Дін философиясында онтологиялық проблема ретінде – Зұлымдық), Айғаным Козтаева, (Бейбітшілік пен соғыс: философиялық тұрғыдан талдау), Имамбек Жанерке, (Экзистенциализм және өмірдің мәні), Топ тәлімгерлері Досалиев Т, ТФД-411 топ студенттерінің ішінде Тұрмаханбетов Таңнұр (Қазақ халқының рухани құндылықтарының негізі ретінде ұлттық код және ұлттық сана мәселесі) аталмыш ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысатын болып бекітілді. Ол бойынша студенттер тиісті жұмыстар жасауда.

Сондай-ақ күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша топ тәлімгері Н. Жаныкулов, ТФД-311 топ студенттерімен «Жаһандану кезеңіндегі этиканың орны және маңызы» тақырыбы аясында сұхбат жүргізді. Сұхбат барысында топ тәлімгері жастардың жадында этикалық құндылықтардың озық үлгісін жаңғырту жолында академиялық біліммен қатар, тәрбиелік мәні бар рухани сұхбаттардың жүргізілудің аса маңызды екендігін атап өтті. Қазіргі таңда жастар бос уақытының бәрін телефонға сүңгіп немесе бос сөз, арзан күлкімен алданып, пайдасыз дүниелермен өткізуде. Адам үшін ең қымбат капитал болған уақытты тиімді пайдалана алмайды. Сондай-ақ жастар сырттан ауып келген неше түрді идеологиялардың құрбаны боп, өз дәстүрлі құндылықтарынан, төл мәдениетінен, тарихи тамырынан ажырап, жырақтап бара жатыр. Сондықтан әрбір маман, ұстаз жастардың кеудесіне ғылыммен бірге ұлттық-этикалық құндылықтарды құйып, оларды тарихи тамырына қайта жалғауы тиіс. Сұхбат барысында осы мәселелер көтерілді.

- 06.11.2024 ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., «Этика және діннің арақатынасы» тақырыбы бойынша ТФД – 311, ТФД-411 топтарымен сұрақ-жауап форматында сұхбат өткізілді. Іс-шара барысында ТФД – 311 тобының студентті әрі С. Жалымбетқызы тақырыпқа қатысты қысқаша баяндама жасады. Баяндамада «дін» және «этика» ұғымының мәні мен оның адам және қоғам өмірінде алар орны жайында сөз қозғады. Одан әрі сөз алған топ басшысы Мухтар М, мораль мен діннің өзара байланысын талдай отырып, олардың қоғамда бейбітшілік, әділеттілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін түсіндірді. Діннің өзекті мәселелерге қатысты этикалық принциптермен үйлесімділігі мен кейбір жағдайда моральдық нормалармен қарама-қайшылықтары туралы пікірталас ұйымдастырылды. Талқылау барысында бірқатар сұрақтар қойылды: "Этика мен дін қандай жағдайларда үйлеседі?", "Дін мен мораль арасында қайшылықтар болуы мүмкін бе?" деген сұрақтар ортаға тасталды. Сұхбат барысында білімгерлер белсене қатысып, өз ойларын еркін, анық жеткізе білді.

- 15.11.2024 ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., студенттермен, студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімін және ІІ-блокқа дайындығын талқылады. Топ эдвайзерлері алдағы уақытта ІІ-блоқтың жақындап келе жатқанын, студенттердің сабаққа түгел қатысуы керек екендігін ескертті.

- 25.11.2024 ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., топ студенттерімен «Жастар арасында салауатты өмір салтын ұстану» атты тақырыпта сұхбат өткізді. Сұхбат барысында ТФД – 311 тобының студентті Е. Мамай, «салауатты өмір салты дегеніміз не?», «Жастардың өмір сүру сапасын арттыру үшін не істеу қажет?», «Салауатты өмір салтын ұстану үшін жастарға қандай кеңестер берілуі керек?» сынды сұрақтарға жауап беріп, тақырыпқа қатысты өз пікірін ортаға салды. Жастардың денсаулығына әсер ететін негізгі факторлар: дұрыс тамақтану, дұрыс ұйықтау, физикалық белсенділік және темекі, алкоголь және есірткі секілді зияны заттардан аулақ болу. Сондай-ақ, жастардың өмір сүру

салты мен күнделікті әдеттерінің денсаулыққа ықпалы талқыланды. Сұхбат барысында студенттер денсаулық сақтау мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік алғанын атап өтті. Қатысушылар салауатты өмір салтының тек жеке адамға ғана емес, жалпы қоғамға да оң әсер ететінін айтты. Сұхбат барысында осы мәселелер – әр уақытты тиімді пайдалану, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, дұрыс тамақтанып, ұйқы режимін реттеу, тіл үйрену, ғылым меңгеру, дене тәрбиесі және спортпен айналысу, мүмкіндік болған жағдайда табиғатқа (тауға) шығып, табиғатпен гармония орнату т.с. – көтерілді. Сұхбат нәтижесінде салауатты өмір салтын ұстанудың жастар үшін қаншалықты маңызды екендігіне баса назар аударылды. Білімгерлердің сұрақтары мен пікірлері осы тақырыптың өзектілігін көрсетіп, жастар арасында денсаулық сақтау мәселесіне қатысты жаңа көзқарастар қалыптастыруға ықпал етті.

- 28.11.2024ж. Топ тәлімгерлері топ студенттерімен студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуы мәселесін талқылады. Топ эдвайзерлері ғылыми конференцияға қатысатын студенттердің дайындығын тексеріп, жіті қадағалап отырды.

-12.12.2024ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., топ студенттерімен «16 желтоқсан –Тәуелсіздік күніне» орай іс-шара ұйымдастырды. Сонымен қатар тәрбие сағатында тәуелсіздіктің қазақ халқы үшін маңыздылығы, қол жеткізген жетістіктер мен егемендікке бастар жолда кездескен кедергі-қиындықтар туралы сөз етілді. Тақырыпқа қатысты ТДТ-311 топ студенті Самия Жалымбетқызы «Тәуелсіздік тұғырым» атты тақырыпта баяндама жасады.

Сонымен қатар студенттердің аралық бақылау нәтижелерін талқыланып, емтихандарға дайындықтары қадағаланды.

-21.02.2025 ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., күн тәртібіндегі мәселелер бойынша топ студенттерімен «Діни фанатизм және оның қоғамға тигізетін зардаптары» тақырыбында сұхбат өткізді. Сұхбат барысында ТФД – 411 тобының студенті Әбусейіт Назерке «діни фанатизм дегеніміз не?», «ол қандай жағдайда пайда болады?», «фанатизмнің алдын алу үшін қандай шаралар қажет?» деген сұрақтарға жауап беріп, өз ойын ортаға салды. Сұхбатта діни фанатизмнің белгілері, оның радикализмге ұласу қаупі, жастарды теріс ағымдардан сақтау жолдары, қоғамдағы тұрақтылыққа тигізер зияны кеңінен талқыланды. Студенттер дін мен фанатизмнің айырмашылығын нақты түсінді. Сондай-ақ, дінді дұрыс түсіну мен діни сауаттылықтың маңыздылығы аталып өтті. Қатысушылар фанатизмнің тек жеке тұлғаға емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігіне әсер ететінін айтып, діни тәрбиенің дұрыс бағытта берілуі қажеттігін қолдады. Сұхбат жастардың дінге деген сыни көзқарасын қалыптастыруға және саналы тандау жасауға негіз болды.

-28.02.2025 күні Философия кафедрасының PhD, аға оқытушысы Н. Жаныкулов, «Философия-дінтану» мамандығы ТФД-311 тобына тәрбие сағатын өткізді. Іс-шараны топ эдвайзері Н. Жаныкулов, «Мейірімділік дағдарысы: қазіргі қоғамдағы қарым-қатынастар мен құндылықтардың өзгеруі» тақырыбындағы мазмұнды әңгімесімен ашып, одан әрі тәрбие сағаттың мақсатымен таныстырып, тақырыптың өзектілігін атап өтті. Бұл тәрбие сағатының негізгі мақсаты – қазіргі қоғамдағы мейірімділік дағдарысының себептерін анықтау; Қарым-қатынастар мен құндылықтардың өзгеруін талқылау; Білім алушыларды мейірімділік пен адамгершілікке шақыру. Іс-шара барысында қазіргі қоғамда мейірімділік дағдарысының себебі, оның қоғамдағы әсері және адамның әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мәселелері талқыланды. Білім алушылар тақырып бойынша өз пікірлерін білдіріп, сұрақтар қойылды. Қарым-қатынастардың өзгеруі мен құндылықтар туралы түрлі көзқарастар айтылды. Сұхбат соңында топ эдвайзері Н.Жаныкулов аталмыш тақырыптың қорытындысын шығарып, мейірімділік пен адамгершілікті қоғамда дамыту қажеттігін түсіндірді. Білім алушыларды өзара көмек көрсету мен түсіністікке шақырды.

-14.03.2025 ж. «Философия» кафедрасының ТФД-311 тобы және топ тәлімгері Н. Жаныкуловтың ұйымдастыруымен «Нұр себеле, әз-Наурыз!» атты тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – студенттерге Наурыз мерекесінің тарихи, мәдени және рухани мәнін тереңірек түсіндіру болды. Топ тәлімгері Жаныкулов Н. мерекенің шығу тегі, қазақ

халқының дәстүрлі құндылықтары мен ұлттық тағамдары, сондай-ақ киіз үйдің символдық мағынасы жайлы кеңінен баяндады. Сонымен қатар, Наурыз мерекесінің бүгінгі заман талабына сай жаңа мазмұнда атап өтілуі қажеттігіне тоқталып, бұл үрдістің ел бірлігін нығайтуға қосатын үлесін атап өтті. Топ студенттері арасында ұлттық киім үлгісінде челлендж ұйымдастырылып, мерекенің шынайы рухы мен мазмұны кеңінен ашылды. Іс-шараның соңында салт-дәстүрлерге байланысты викториналық сұрақтар қойылып, студенттер жауап беру арқылы өз білімдерін ортаға салды.

- 20.03.2025 ж. Топ тәлімгерлері Досалиев Т. ТФД-411 топ студенттерімен «Адам және табиғат: үйлесімділік жолында» тақырыбында іс-шара өткізді. Шара барысында тәлімгер Досалиев Т: «Табиғат – тіршілік атаулының алтын ұясы, бесігі. Адам табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді. Сондықтан оны қорғау, сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Адам табиғатқа жанашырлықпен қарап, қоршаған ортаға зиян келтірмей өмір сүрген жағдайда ғана қоғамда үйлесімділік орнайды» деп атап өтті. Сондай-ақ ол студенттерге экологиялық тәрбие беру арқылы табиғатты сүйуге, қорғауға үндеді, табиғаттың сақтаудың маңыздылығын жан-жақты атап айтылды.

- 30.04.2025 ж. Топ тәлімгерлері Жаныкулов Н, Тулеев М, Досалиев Т., ұйымдастыруымен Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бірлік – ел тұтастығының кепілі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара барысында тәлімгерлер бұл күннің бейбітшілік пен келісімнің, ұлтаралық татулықтың символына айналғанын атап өтті. Ол елімізде 130-дан астам этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында тату өмір сүріп жатқанын айтып, бұл жетістікті тәуелсіз Қазақстанның саяси тұрақтылығы мен кемелді саясатының нәтижесі ретінде бағалады.

Студент Әбілқасым А. бірлік күні – елдегі этностардың достығын бейнелейтін маңызды мереке екенін айтып, жастардың ел ішіндегі татулықты сақтаудағы рөлін ерекше атап өтті. Ал Кенесбек М. ұлттар арасындағы өзара сыйластық пен мәдениетке құрмет көрсету – мызғымас бірліктің кепілі екенін жеткізді. Кездесу барысында топ тәлімгері студенттердің университет көлемінде өтетін мәдени шараларға белсенді қатысуының маңыздылығына да тоқталды. Бұл олардың азаматтық ұстанымын қалыптастырып, рухани дамуына оң ықпал ететіні атап өтілді. Сонымен қатар, күн тәртібі аясында топ студенттерінің оқу үлгерімі мен II аралық бақылауға дайындық барысы талқыланды. Апталық бағалардың бақылау жұмысына әсері түсіндіріліп, алдағы емтихан жөнінде нақты ақпарат берілді. Студенттердің сұрақтарына толық жауап берілді.

3 Атқарылған тәрбиелік іс-шаралар

ТФД-311, ТФД-411, ТПД-311 топтары бойынша 2024-2025 оқу жылы басында бекітілген тәрбие жоспары негізінде және де жоспардан тыс та біршама тәрбиелік мәні зор жұмыстар атқарылды. Топ студенттері университет белсенділері қатарынан орын алып, студенттер арасында талқылау, талдау т.б. әртүрлі мәдени шаралар істеумен шұғылдануда. Топ тәлімгерлерінің бастамасымен тәрбие жоспарына сай жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздылығын, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты түсіндіретін іс-шаралар болып өтті. Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, тәрбиелі болу өмір талабына сай терең білімділікті талап ететіндігі студенттерге түсіндірілді.


4 Жатақханада жататын студенттермен жүргізілген жұмыстар.

Топ тәлімгерлері Н.Жаныкулов, М.Тулеев, Т.Досалиев., «Философия» кафедрасының меңгерушісі М. Исаевпен бірге 30.09.2024ж. күні топтағы жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысып қайтты. Жатақханада тұратын студенттердің тарапынан ешқандай тәртіпсіздік пен бұзақылықтар болмады. Студенттердің тәртібі қадағаланды. Сондай-ақ студенттермен жатақхана тәртібін қадағалау, жатақхана ішінде

тыныштық пен тазалық ережелерін сақтау, жатақхана қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық мәдени іс-шараларға өз үлестерін қосу мәселелері қарастырылды.

Қорытындылап айтатын болсақ, 2024 -2025 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспарының орындалуы студенттердің білім алу мен жеке дамуына үлкен әсер етті. Әрбір өткізілген іс-шара студенттердің тек оқу үлгерімін ғана емес, олардың азаматтық, әлеуметтік және мәдени тұрғыда дамуына да ықпал етті. Жоспар бойынша ұйымдастырылған шаралар студенттерге түрлі тақырыптар бойынша білім алуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, өткізілген іс-шаралар студенттердің өзара қарым-қатынасын нығайтуға, салауатты өмір салтын ұстануға және қоғамдағы толеранттылықты жоғары бағалауға ықпал етті.

Кафедраның тәрбие жұмыстарына
жауапты ОПК



Н.О.Жаныкулов

Топ тәлімгері Жаныкулов Н және ТФД-311 топ студенттерінің фото есебі





№ 2 Ерлер жатақханасы



№ 1 Қыздар жатақханасы



№	Аты-жөні	Күні	Факультеті	Мерзімі	Қолы	Ескерту
	Эрен ӨЗКАЯ	30.09.2024	Филология	19.00 -		
	Ахметжанов Г. И.	30.09.2024	Техникалық	20.00 - 21.00		
	Ахметжанов Г. И.	30.09.2024	Техникалық	20.00 - 21.00		



Топ тәлімгері Досалиев Т және ТФД-411 топ студенттерінің фото есебі



Топ тәлімгері Тулеев М және ТПД-311 топ студенттерінің фото есебі

